

**«8D02303 - Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған
Талғатқызы Гулнараның «Тіркесімділік категориясының семантикалық жүйесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
ресми**

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ШҚІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Талғатқызы Гулнараның «Тіркесімділік категориясының семантикалық жүйесі» тақырыбына жазылған диссертациялық жұмысы Ғылымды дамытудың басым бағыттарына сай дайындалған: 1) Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы; 2) Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1045 қаулысы).
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның аясында орындалған. АР 26100789 «Қазақ тілінің өміршеңдігі: жазушы тілінің тезаурусын әзірлеу және көркемсөздің семантикалық трансформациясын лингвокогнитивтік аспектіде зерттеу» гранттық жобасы.

		3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы бойынша Жоғары ғылыми техникалық комиссияның (ЖГТК) 2023 – 2025 жылдарға арналған ғылымды дамытудың 10 басым бағытының бірі, Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулерге сәйкес келеді (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы).
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	«Тіркесімділік категориясының семантикалық жүйесі» атты зерттеу жұмысы ғылымға елеулі үлесін қосады, маңыздылығы ашылған. Тілдің динамикалық сипаты, әсіресе, оның лексикалық, сөзжасамдық қабаттарынан айқын көрінеді. Технологияның қарыштап дамуы жаңа ұғым-түсініктердің қалыптасуына әкелсе, оның тілдегі көрінісі атаужасам, оны іске асырудың бір тетігі – тіркесжасам үдерісі. Осы тұрғыдан, ғылыми зерттеу жұмысында «тіркесімділік» термині кең ұғымда алынып, категория ретінде сипатталады және тіркесімділік категориясының мазмұны мен тұрағы тілдің барлық деңгейлері бойынша сараланып талданады. Сәйкесінше, тіркесімділік кешенді күрделі құбылыс ретінде қарастырылады және тіркесімділіктің түрлері бірнеше өлшемшарт бойынша анықталады. Ол өлшемшарттар: семантикалық үйлесімділік (<i>қалта қазатындар, қалта қазар қымбатшылық; қалта қазар қарашылар</i>); синтаксистік үйлесімділік (<i>мәселені ортаға сау, мәселені көтеру, мәселеге назар аудару</i>); ұғымдық үйлесімділік (<i>қылқалам шеберлері</i>); сөз таптарының сәйкестігі; валенттілік; тіркесу қабілеті (коллокация); тіркесім комбинаторикасы; тіркесімділік типологиясы; тіркесімділіктің синтагмалық қатынасы (26-28 бб.). Осылайша, тіркесімділікті зерттеуді мақсат еткен бұл диссертация ғылымға тіл бірліктері арасындағы

		тіркесудің семантикалық, грамматикалық және прагматикалық әлеуетін айқындап беретіндігімен маңызды саналады.
3.	Өзі жазу принципі	Жазу барысында автор тарапынан академиялық жазылым талаптары сақталған. Диссертант Г.Талғатқызының тақырыпты ашатын теорияларға талдау жасауы және тұжырымдарды практикалық тұрғыдан негіздеуде ой желісінің логикалық сабақтастығын сақтауы, стилистикалық, грамматикалық, орфографиялық жақтан сауатты жазуы зерттеу жұмысының жазылу деңгейін жоғары деп санауға негіз бола алады. Зерттеуде тіркесімділіктің грамматика шеңберінде ғана емес, құрылымдық аспектіде лексикология, фонетика деңгейінде, функционалды аспектіде стилистикалық және прагматикалық тұрғыдан, екі жағдайда да семасиологиямен сабақтастықта қарастырылуы – оның әрі күрделі, әрі кешенді нысан екенін танытады. Осы тұрғыдан, тіркесімділік иерархиялық жүйеге негізделген және бірнеше тип пен түрге жіктелетін категориялық ұғым ретінде қарастырылады. Тіркесімділіктің категория ретінде зерттелуі, басқаша айтқанда, тіркесудің семантикалық, грамматикалық және прагматикалық әлеуетінің айқындалуы – ғылыми зерттеудің өзектілігін негіздейді.
4.	Ішкі бірлік принципі	Зерттеу жұмысының мазмұны оның тақырыбын айқындайды. «Тіркесімділік категориясының семантикалық жүйесі» атты зерттеу жұмысының мазмұны құрылымдық жағынан үш тарауға жинақталған, тараулар іштей тараушаларға сараланған. Зерттеуге негіз болған басты нысаны – тіркесімділік категориясына қатысты теориялық түсініктер мен талдаулар арқылы оның семантикалық жүйесіне қатысты мәселелер анықталады. Ол мәселелер тіркесжасамдық қабілет, 4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген. 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.

		тіркесімділік модельдері, тіркесімділіктің түрлері, семантикалық өрісі, тіркесімділіктің статикалық және динамикалық сипатына қатысты. Бұлар, атап көрсетілген мәселелер, тақырыпты ашудың мазмұндық құрылымы саналады және мазмұнның тақырыпты айқындайтындына дәлел болады.
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Зерттеудің мақсаты – қазақ тіліндегі тіркесімділікті категория ретінде негіздеу және сөздердің тіркесімі арасындағы семантикалық жүйені (лексикалық, стилистикалық, комбинаторлық) анықтау. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін бес міндет қойылған, олар: тіркесімділіктің өлшемшарттарын анықтау және оны категория ретінде негіздеу; қазақ тіліндегі тіркесу үдерісіндегі модельдерді анықтау; тіркесімділіктің комбинаторлық өрісін айқындау; сөздің тіркесу қабілетін және семантика-стилистикалық әлеуетін зерттеу; қазақ тіліндегі тіркесімділігі жоғары сөздердің тізбекті картасын құрастыру. Диссертацияның мазмұнын осы міндеттерді шешу бойынша жасалған талдаулар мен шешімдер құрайды.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері арасында логикалық жағынан байланыс бар. Бірінші тарау іштей төрт бөлімге сараланған. Олар тіркесімділіктің зерттелуі, категория ретінде танудағы тіркесімділіктің өлшемшарттары, тіркесімділік пен валенттілік ұғымдарының арақатынасын, тіркесімділік жүйесіндегі синтагма мен парадигма мәселелеріне арналған (14-60 бб.). Екінші тарау тіркесімділіктің семантикалық құрылымын анықтауға арналса (63-80 бб.), үшінші тарауда сөздердің тіркесімділігінің стилистикалық, когнитивті-ассоциативті өрістері және тіркесімділіктің статикалық, динамикалық модельдері
	1) толық байланысқан;	
	2) ішінара байланысқан;	
	3) байланыс жоқ.	

		карастырылған (84-103 бб.). Әр тарау өзара логикалық байланысқа құрылып, бірін-бірі толықтырып отырады. Жұмыс авторы Талғатқызы Гулнара тақырыпқа қатысты бірнеше ғылыми-теориялық тұжырымдарды талдай отырып, оларды салыстырып, сыни талдаулар негізінде өзіндік ой қорыту жасаған. Мәселен, зерттеу тақырыбының негізгі тірек сөздері мен ұғымдары болып табылатын «тіркесімділік», «валенттілік» терминдеріне қатысты пікірлерді талдап, диссертацияда қай түсінікте қолданылатындығы және неге оны тандауына қатысты пікірін білдіруі (15-16 бб.; 20-21 бб.); тіркесімділік категориясын танудың шарттарын анықтаудағы ой-пікірлері (26-28 бб.). Мәселен, тіркесім комбинаторикасын «сөз бен сөз тіркестерінің дұрыс тіркесуін қамтамасыз ететін негізгі элементтер» деп анықтай келе, қазақ тіліндегі сөздердің тіркес құрау қабілетінің тетігін алдымен лексикалық тіркесімділік (тура мағыналы тіркестер), содан кейін семантикалық тіркестер (ауыспалы мағыналы тіркестер) және стилистикалық тіркесімділік (бейнелі тіркестер) деп саралайды (28-б.). Сөз мағынасының құрылымдық бөлшектері – семаларға қатысты «тіркесімділік – сема айқындаушы құрал» деп, оны сөз мағынасының ішкі құрылымындағы семаларды актуалдандырушы деп атайды. Сөйтіп, «сөз мағынасы – статикалық емес, динамикалық жүйе, ол тек контекст арқылы көрінеді» деген түйін жасайды (37-б.). Валенттілік пен тіркесімділік ұғымдарына қатысты тілтанымдағы В.Г.Адмони, С.М.Панкратова, Л.М.Локшанова т.б. пайымдауларына сыни тұрғыдан талдау жасай келе, тіркесімділікті валенттілікке қарағанда ауқымды ұғым деп көрсетеді, «тіркесімділік – тіл бірліктерінің сөйлеуде бір-бірімен фонологиялық, семантикалық,
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	

		грамматикалық деңгейде тізбекті түрдегі тіркесу қабілеті» деп түйіндейді (42-б.). Осылайша, әр тараушада көтерілген мәселеге қатысты ғылыми пайымдауларға талдау жасап, сілтеме беріп, өзіндік ой қорытады. Мысалы, сөздердің тіркесімділігіндегі стилистикалық өрістер туралы айтқанда (дисс. 84-б.) тіркесімділіктің комбинаторлық шектеулерге бағынатындығын, ол шектеулердің грамматикалық (морфологиялық, синтаксистік сәйкестік), семантикалық (сөздердің мағына үйлесімі), стилистикалық және прагматикалық деңгейде көрінетіндігін анықтауы.	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Зерттеу жұмысында қол жеткізілген ғылыми нәтижелер жаңа болып табылады. Мұндай қорытынды жасауға негіз болған факторлар мыналар: - қазақ тіл біліміндегі тіркесімділік құбылысын лексика-грамматикалық шеңбермен шектемей, категория ретінде негіздеуі және осы категорияға тән өлшемшарттарды анықтап беруі. Бұл ғылыми нәтижесін тіркесімділік категориясының құрылымдық, семантикалық және когнитивтік аспектіден талданатындығымен дәйектейді; - қазақ тіліндегі сөздердің тіркесу жүйесінің көпдеңгейлі модель арқылы сипаттауы. Бұл орайда тіркесу үдерісіндегі ішкі ұйысымды (денотаттық, сигнификаттық, гипер-гипонимдік, лексика-семантикалық) негізге алып, тіркесімділіктің типтерін ұсынады; - тіркесімділік категориясының комбинаторлық жүйесін анықтауы; - тіркесімділікті бірнеше ұстанымдар (валенттілік, комбинаторика, дистрибуция, когнитивтік семантикалық ұстанымдар) негізінде зерттеудің қажеттігін негіздеп, зерттеудің интегративті моделін ұсынуы;
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

		- теорияны практикалық жағынан негіздеу мақсатында қазақ тіліндегі тіркесімділік әлеуеті жоғары сөздердің тізбесін жинақтап беруі. Сол арқылы сөздің тіркесімділік әлеуетінің бейнесін жасайды.
	Зерттеу барысында жасалған тұжырымдар немесе қорытындылар саны – бесеу, оларға қатысты сараптама. Бірінші қорытынды жаңа болып табылады. Ол қазақ тіл біліміндегі тіркесімділікті категория деп тануы және тіркесімділікті семантикалық мағынаны жүзеге асыратын басты тілдік тетік ретінде анықталуы. Сәйкесінше, тіркесу сипатына қарай тіркесімділіктің типтерін анықтап беруі: еркін тіркесімділік, талғаусыз тіркесімділік, топтық тіркесімділік, талғаулы тіркесімділік, тұрақты тіркесімділік.	
	Екінші қорытынды тұжырымы – жаңа. Бұл – қазақ тіліндегі сөздердің тіркесу жүйесі көпдеңгейлі комбинаторлық модель арқылы құрылатындығын көрсетуі. Комбинаторлық мағынаны туындатуға әсер етін факторларды айқындайды және комбинаторлық мағынаға былайша анықтама береді: тіркесім жүйесіндегі – комбинаторлық мағына – сөздердің белгілі бір тіркестер мен контексте бір-бірімен үйлесіп, өзара байланыса отырып қалыптастырған мағынасы, басқаша айтқанда, жаңа контекстуалды мағыналардың туындауы.	
	Үшінші қорытындысы – жаңа. Сөздің валенттілігі оның басқа сөздермен байланысу мүмкіндігін білдірсе, ал тіркесімділіктің сол байланыстардың мазмұнын айқындайтындығын айта келе, валенттілік пен тіркесімділікті өзара байланыстыра қарастырудың маңыздылығын былайша негіздейді, яғни бұның сөздің мағыналық жүйесін, лексика-семантикалық өрісін және сөздердің комбинаторлық әлеуетін терең тануға мүмкіндік беретіндігі.	
	5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

		Төртінші қорытындысы – жаңа. Бұл – қазақ тіліндегі тіркесімділік әлеуетін кең мағыналы лексемалардың семантикалық-комбинаторлық өрісі мен тіркес тізбегін құрайтын аннотациялық модель түрінде танытуға болатындығы туралы тұжырым. Мұндай модель, есім мен етістік сөздердің тіркесу мүмкіндігі, олардың прагматикалық және когнитивті ассоциативтік әлеуетін айқындауға мүмкіндік беретіндігімен негізделген. Бесінші қорытынды – жартылай жаңа. Бұл - сөздердің саны мен семантикалық мүмкіндіктеріне байланысты тіркесу ауқымы тар немесе кең болуы және қазақ тілінде тіркесжасамға бейім келетін сөздер негізінен есімдер мен етістіктер болып келетіндігі туралы тұжырым. Ал «есімді тіркестер — тілдің номинативтік қорын толықтыратын маңызды бірлік» деген тұжырымы белгілі.
	5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық жұмыстың мақсатына жету үшін қолданылатын техникалық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген. Зерттеу аясында тіркесімділігі жоғары (100-ден асатын) етістік сөздердің тіркесі бойынша тізбе жасалған, олар: <i>бол, қарау, салу, беру, басу, алу</i> етістіктері (117-127 бб.); содан кейін дәл осындай шартпен есім сөздердің тіркесім тізбегі жасалған, зат есімдер: <i>бас, жер, жүрек</i> (128-136 бб.), <i>қой, мал, мінез, ой, салық, сөз, тіл, жол, ел, бет, ауыз, ат, алтын, алла</i> (138-159 бб.); сын есім: <i>қара</i> (136-137 бб.), <i>ақ</i> (159-160 бб.). Сонымен қатар, тіркесімділік әлеуеті төмен (1-не 3-тен аспайтын) сөздердің тіркесі де көрсетілген (160-163 бб.).

6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (квалитатив ресерч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Қорытындылар, негізгі пайымдаулар мен тұжырымдар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең	Бірінші тұжырымда тіркесімділіктің тілдік категориялық мәртебесі анықталған, ол – семантикалық және когнитивтік категория. Тұжырым тіркесімділіктің семантикалық жүйесі тіркестер типологиясын құрай алатындығымен негізделген. Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Екінші тұжырымда қазақ тіліндегі сөздердің тіркесу жүйесін сипаттауға қажет факторлар көрсетілген. Ол факторлар сөздердің тіркесім жүйесіндегі ішкі ұйымдасу түрлері, семантикалық белгілері және тіркесімнің типтік үлгілері негізінде көрінісіндіріліп дәлелденген. Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Үшінші ережеде сөздердің лексика-семантикалық өрісін және сөздердің тіркесімділік тұрғысынан комбинаторлық әлеуетін терең түсінуге мүмкіндік беретін нысанды зерттеудің әдісін ұсынуы. Бұл сөздердің валенттілігіне қатысты анықталған шарттар негізінде дәлелденген. Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Төртінші тұжырымда сөздердің тіркесу мүмкіндіктері, прагматикалық және когнитивті-ассоциативтік әлеуетін анықтаудың моделі ұсынылған. Ол – аннотациялық модель, мұнда бір сөздің тіркесімділік өрісі қысқаша сипаттама арқылы беріледі. Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең.

	4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	Бесінші, қазақ тіліндегі тіркесжасам үдерісіне бейім келетін лексика-грамматикалық топтар ретінде есімдер мен етістіктердің анықталуы және мысалдармен дәйектелуі. Оның дәлелі ретінде диссертация қосымшасында ұсынылған сөздердің тіркесімділік әлеуетіне қатысты сөздердің тіркескен тізбесінің жасалуы. Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең.
8.	Дәйектілік қағидағы. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	Диссертанттың әдіснаманы тандауы – негізделген. Зерттеудің әдіснамалық негіздерін тіркесім теориясын зерттеудің құрылымдық, семантикалық, когнитивтік, прагматикалық аспектілер құрайды. Бұл орайда сөз тіркесі теориясы бойынша А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С. Нұрханов, М. Балақаев, С.Исаев, А. Әбләков, Қ. Т. Сайрамбаев, М.Оразов, Н. Құрманова, М. Әлиева, М. Жолшаева, А. Тұрарова, т.б. еңбектері басшылыққа алынған. Сондай-ақ күрделі сөз, күрделі атау, атаужасам жүйесіндегі тіркесімділікті зерттеу барысында Қ. Күдерінова, Б. Қасым, Ғ. Хасанов, Г. Сыздықова еңбектеріне сүйенген. Әлемдік зерттеушілерден валенттілік теориясына қатысты С. Кацнельсон, Ю. Степанов, Н.Шанский, И.Кобозова, Ю. Апресян, С. Панкратова, т.б. еңбектері, сондай-ақ түркі тілдеріндегі тіркесімділікті зерттеген Ч.Найманова, Б.Абрамов еңбектері пайдаланылған. Ғылыми жұмыстың әдіснамасы негізінде зерттеудің әдіс-тәсілдері айқындалған. Мәселен, тіркестер арасындағы мағыналық байланыстар мен сөздер арасындағы мағыналық тәуелділікті анықтауда семантикалық талдау әдісінің қолданылуы; тіркестерді түрге, типке, лексика-семантикалық топтарға жіктеуде категориялау әдісі; тіркестердің әртүрлі контексте мағыналық өзгерісін, мағына реңкіне қарай варианттылығын анықтауда мәнмәтіндік

		(контекстуалдық) талдау әдісі қолданылған. Ал статистикалық әдісті сөздердің тіркесімділік әлеуеті жоғары не төмен тіркестер санын анықтауда пайдаланған.
	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Диссертация жұмысты жазу барысында зерттеу нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.
	1) ия; 2) жоқ.	
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Теориялық қорытындылар жасауда қолданылған әдіс-тәсілдері негізді. Мысалы, сөздің тіркесу қабілеттілігін анықтауда корпустық әдіс қолданылған және бұл әдіс бір сөздің қанша тіркес жасай алатын әлеуетін анықтауға мүмкіндік берсе, аннотациялау тәсілді қолдану арқылы бір сөздің тіркесімділік өрісін танытатын қысқаша сипаттама ұсынылған. Ал өрістік талдау тәсілі арқылы тіркесімділіктің мағыналық топтармен қатынасы көрсетілсе, валенттілік теориясын қарастыруда семантикалық модельдеу әдісі қолданылған. Сонымен қатар, парадигмалық және синтагмалық талдау әдісін тіркесімділікті жүйелеуде негізге алған.
	1) ия; 2) жоқ.	
	8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Зерттеу жұмысын жазу барысында тақырыпқа қатысты бұрын-соңғы жарияланған ғылыми сенімді еңбектерге, монография, ғылыми мақалалар, конференция материалдарының жарияланымдары талданып, оларға сілтеме берілген.
	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті, жалпы саны - 122 еңбек.
9	Практикалық құндылық қағидаты	Диссертацияның теориялық маңызы бар. Жұмыста қол жеткізілген нәтижелер тіркесімділік теориясына,

	2) жоқ.	құрылымдық лингвистика, синтаксис, когнитивті грамматика, семантика, сөзжасам салаларындағы зерттеулер қатарын толықтырып, олардың ары қарай дамуына өзіндік үлесін қосады.
	9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары.	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары.
	1) ия;	
	2) жоқ.	
	9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Практикалық ұсыныстары жаңа болып табылады. Қол жеткізген нәтижелерді аударма саласында, лексикография тәжірибесінде, мәтін талдауда, оқу сауаттылығын қалыптастыру мен дамытуда, сонымен қатар, филология және журналистика мамандарын даярлауда сөз мәдениеті, прагмалингвистика, сөзжасам, синтаксис курстарын жүргізу барысында материал ретінде пайдалануда қажеттілікті өтей алады. Сонымен қатар, практикалық тұрғыдан тіл үйрету мен тіл үйрену сабақтары үшін де оқу материалдарын деңгейге сай сұрыптауда тіл бірліктерінің тіркесімділік әлеуетінің белсенділігін ескеру маңызды саналады.
	Академиялық жазу сапасы:	Академиялық жазу сапасы жоғары. Жұмыстың тілі, стилі академиялық жазу талаптарын қанағаттандырады.
	1) жоғары;	Жұмыста пайдаланылған сөз орамдары, синтаксистік құрылымдар логикалық сабақтастыққа құрылған.
	2) орташа;	Мазмұнның берілуін қамтамасыз ететін лексикалық біріктер мен грамматикалық формалардың қолданылуы әдеби тіл нормаларына сәйкес келеді. Орфографиялық және пунктуациялық тұрғыдан сауатты жазылған, техникалық жағынан ресімделуі талапқа сай орындалған.
	3) орташадан төмен;	
	4) төмен.	
10. Жазу және ресімдеу сапасы		Диссертацияның мазмұны мен құрылымына қатысты ұсынысымыз:
11. Диссертацияға ескертулер		

		1) диссертацияның 20-бетінде мынандай ой айтылған: «Біздің зерттеуіміздегі тіркесімділік – сөз бен сөздің тіркесімділігі». Біз де өз тарапымыздан, тіркесімділікті «сөздердің тіркесімділігі» немесе «сөз бен сөздің тіркесімділігі» деп берілгенін жөн санаймыз. Алайда зерттеу жұмысында термин қолданыста бірізділік сақталғаны дұрыс болар еді. Жұмыста «тіркесім» (98-б., 105-б.), «тіркесімділік», «сөз тіркесі» терминдері ішінара жарыса қолданылған; 2) диссертацияда сөздердің тіркесжасам қабілетіне қатысты 2.1 тараушада тіркесім шектеулігі туралы айтылады (дисс. 63-б.). Қазақ тілтанымында осы мәселеге қатысты Б.Рысбаеваның «Қазіргі қазақ тіліндегі шектеулі тіркестер» деген кандидаттық диссертациясы назардан тыс қалған; 3) «Гипоним» мен «гипероним» терминдерінің түсіндірмесін беруде техникалық қате кеткен сияқты (орындары ауысып кеткен, дисс. 105-б.). Докторанттың диссертация мазмұны бойынша жарияланымдарының жалпы саны – тоғыз. Скопус базасына кіретін журналдардағы жарияланым саны – 4. Олар: 1 Semantic Valence and Cultural Representation of Phraseological Units (Kazakh and English) // Forum linguistic Studies. – 2024. – Vol. 06, Iss. 5. – P. 65-81 DOI : https://doi.org/10.30564/fls.v6i5.6865; 2 Exploring the Semantic Significance ‘Camel’ and Cultural Representation in the Kazakh Ethnic Worldview as Reflected in the National Corpus // Forum linguistic Studies. – 2024. – Vol. 06, https://doi.org/10.30564/fls.v6i4.6986 Iss. 4. – P. 268-276;
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	

		3 Linguosynergetic Approach to Modeling the Concept of “Snake” // Forum linguistic Studies. – 2025. – Vol. 7, Iss. 3. – P. 580-596 DOI : https://doi.org/10.30564/fls.v7i3.8530 4. Effective methods for studying word combinations with regard to semantic parameters // Web of Conferences. – 2023. https://doi.org/10.1051/e3sconf/202344907004 БҒСҚК ұсынған отандық басылымдардағы жарияланым саны – 5. Олар: 1 Semantic markup is one of the components of the national language corpus // «Абылай хан атындағы ҚазХКжәнеӘТУ Хабаршысы» журналы. «Филология ғылымдары» сериясы. – 2022. – №1 (64). – Б. 9-20. https://doi.org/10.48371/RHLS.2022.64.1.001 2 «Түйе» сөзінің семантикалық тіркесімділігі және ұлттық корпуста автоматтандыру тәсілдері // TILTANYM журналы. – 2023. – № 3 (91). – Б. 200 210. https://doi.org/10.55491/2411-6076-2023-3-200-209 3 Lexico-semantic compatibility of words in Kazakh // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2022. № 3 (187). – Б.18-28. 4 Ways to develop a subcorp of the writer's text: structure and functions of meta markup // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2024. № 1 (193). – Б.13-24. 5 Интернет-ресурстарды кейс-стади әдісімен тиімді пайдалану тәсілдері // Ұлттық ғылым академиясының хабаршысы. – 2022. № 2. – Б.30-43. https://doi.org/10.32014/2022.2518-1467.270 Жарияланымдар диссертация мазмұнымен сабақтас.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	«8D02303 - Лингвистика» мамандығы бойынша филология докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Талғатқызы Гулнараның «Тіркесімділік категориясының семантикалық жүйесі» тақырыбындағы

		диссертациялық жұмысы талапқа сай жазылған еңбек деп санаймыз. Диссертациялық жұмыстың авторы Талғатқызы Гүлнара Философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептейміз.
--	--	---

Ресми рецензент:

филология ғылымдарының докторы,

SDU University профессоры



Жолшаева Майра Сатыбалдиевна

26.11.2025 жыл

